Күкірт диоксидінің орташа айлық шоғырлары – 1,0 ШЖШ_{о.т.}, озон (жербеті) – 3,4 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластанушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Күкірт диоксидінің максималды-бірлік шоғырлары – 1,4 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 1,5 ШЖШ_{м.б.}, озон – 4,2 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 4,8 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

5.5 Зырянов қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (5.5-сур., 5.5-кесте).

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Партизанская көшесі, 118	PM-2,5 қалқыма бөлшектер, PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді



5.5-сурет. Зырянов қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің (5.5 - сур.) деректері бойынша қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі төмен болып бағаланды, СИ=1 және ЕЖҚ=0% анықталды.

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары айлық ШЖШ-дан аспады.

PM-2,5 қалқыма бөлшектернің максималды-бірлік шоғырлары 1,1 ШЖШ_{м.б.} болды, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

5.6 Шығыс Қазақстан обласы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Шығыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау 9 су нысанында жүргізіледі (Қара Ертіс, Ертіс, Бреска, Тихая, Үлбі, Глубочанка, Красноярка, Оба, Бұқтырма, Емел өзендері).

Қара Ертіс өзенінде су температурасы 7,3 °С, сутек көрсеткіші 7,58, еріген оттектің судағы шоғыры 10,96 мг/дм³, ОБТ₅ 1,83 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) 1,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Ертіс өзенінде су температурасы 10,7 °С, сутек көрсеткіші 7,90, еріген оттектің судағы шоғыры 8,90 мг/дм³, ОБТ₅ 0,96 мг/дм³. Ауыр металдар (мырыш (2+)

1,7 ШЖШ, мыс (2+) 1,4 ШЖШ, марганец (2+) 1,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Бұқтырма өзенінде су температурасы 6,8 °С, сутек көрсеткіші 7,48, еріген оттектің судағы шоғыры 10,95 мг/дм³, ОБТ₅ 1,21 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір 1,8 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 1,5 ШЖШ, мырыш (2+) 1,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Брекса өзенінде су температурасы 6,0 °С, сутек көрсеткіші 7,62, еріген оттектің судағы шоғыры 9,79 мг/дм³, ОБТ₅ 1,04 мг/дм³. Биогенді заттар (нитритті азот 3,9 ШЖШ, жалпы темір 3,1 ШЖШ, тұзды аммоний 1,4 ШЖШ), ауыр металдар (мырыш (2+) 11,5 ШЖШ, марганец (2+) 5,2 ШЖШ, мыс (2+) 2,8 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Тихая өзенінде су температурасы 6,8 °С, сутек көрсеткіші 7,48, еріген оттектің судағы шоғыры 10,58 мг/дм³, ОБТ₅ 1,15 мг/дм³. Биогенді заттар (нитритті азот 4,3 ШЖШ, жалпы темір 1,5 ШЖШ, тұзды аммоний 1,5 ШЖШ), ауыр металдар (мырыш (2+) 13,0 ШЖШ, марганец (2+) 6,9 ШЖШ, мыс (2+) 2,9 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Үлбі өзенінде су температурасы 7,7 °С, сутек көрсеткіші 7,96, еріген оттектің судағы шоғыры 9,85 мг/дм³, ОБТ₅ 0,91 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір 1,3 ШЖШ), ауыр металдар (мырыш (2+) 8,5 ШЖШ, марганец (2+) 4,2 ШЖШ, мыс (2+) 1,9 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Глубочанка өзенінде су температурасы 8,0 °С, сутек көрсеткіші 8,20, еріген оттектің судағы шоғыры 10,01 мг/дм³, ОБТ₅ 0,91 мг/дм³. Биогенді заттар (нитритті азот 1,2 ШЖШ), ауыр металдар (мырыш (2+) 33,0 ШЖШ, марганец (2+) 6,5 ШЖШ, мыс (2+) 3,0 ШЖШ,) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Красноярка өзенінде су температурасы 7,2 °С, сутек көрсеткіші 8,19, еріген оттектің судағы шоғыры 11,10 мг/дм³, ОБТ₅ 0,73 мг/дм³. Ауыр металдар (мырыш (2+) 12,5 ШЖШ, марганец (2+) 6,0 ШЖШ, мыс (2+) 3,4 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Оба өзенінде су температурасы 8,5 °С, сутек көрсеткіші 8,21, еріген оттектің судағы шоғыры 9,57 мг/дм³, ОБТ₅ 0,76 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір 1,8 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 1,6 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Емел өзенінде су температурасы 7,0 °С, сутек көрсеткіші 8,39, еріген оттектің судағы шоғыры 10,77 мг/дм³, ОБТ₅ 2,13 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар 2,0 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот 2,0 ШЖШ, жалпы темір 1,3 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 2,4 ШЖШ, марганец (2+) 1,5 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Су нысандары суының сапасы келесідей бағаланады:

«ластанудың орташа деңгейі» – Қара Ертіс, Ертіс, Бұқтырма, Оба, Емел өзендері;

«ластанудың жоғары деңгейі» – Брекса, Тихая, Үлбі, Глубочанка, Красноярка өзендері.

2016 жылдың қазан айымен салыстырғанда Қара Ертіс, Ертіс, Бұқтырма, Брекса, Тихая, Үлбі, Глубочанка, Красноярка, Оба, Емел өзендері айтарлықтай өзгермеген.

Облыс аумағында қазан айында келесі ЖЛ жағдайлары тіркелді: Брекса өзені – 1 ЖЛ, Тихая өзені – 2 ЖЛ, Глубочанка – 3 ЖЛ, Красноярка өзені – 1 ЖЛ, Үлбі өзені – 2 ЖЛ (5-кесте).

5.7 Шығыс Қазақстан обласы аумағындағы жер үсті суларының гидробиологиялық көрсеткіштері бойынша сипаттамасы

Қара Ертіс өз. 2017 ж. қазан айында Қара Ертіс өз. балдырлардың 26 түрі анықталды. Олардың 22 түрі диатомды, ал 3 түрі жасыл және 1 түрі көк-жасыл балдырлар. Басымдылық танытқан *Achnanthes minutissima* кездесу жиілігі жағынан 7 болды. Басқаларының кездесу жиілігі 1-5 аралығында болды. Сапробты индекс мәні 1,8 ге тең. Су сапасы III клас, су орташа ластанған.

Макрозообентос құрамынан Plecoptera, Ephemeroptera, Heteroptera, Diptera larvae қауымдастықтарына жататын 12 таксон анықталды. Биотикалық индекс 8-ге тең, бұл сапаның II класы, су таза.

Қазан айында Қара Ертіс өз.беткі суларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық тіркелген жоқ, тірі дафниялар саны 96,7% құрады.

Ертіс өз. 2017 жылдың қазан айында Ертіс өз. «0,8 км Өскемен СЭС бөгетінен төмен» тұстамасынан алынған сынамада балдырлардың 23 түрі анықталды. Олардың 19 түрі диатомды, 2 жасыл және 2 көк-жасыл балдырлар. Түрлердің кездесу жиілігі 1-5 аралығында болды. Сапробты индекс 1,82тең, бұл сапаның III класына сәйкес, орташа ластанған сулар.

«0,5 км конденсаторлы зауытының төгіндісінен төмен» тұстамадан алынған сынамада балдырлардың 27 түрі кездеседі. Олардың 22 түрі диатомды, 3 жасыл және 2 көк-жасыл балдырлар. *Gomphonema olivaceum* (кездесу жиілігі-7) басымдылық танытты. Басқа түрлердің кездесу жиілігі 1-5 аралығында болды. Сапробты индекс 1,9 тең, бұл сапаның III класына сәйкес, орташа ластанған сулар.

Ағыс бойымен төмен «Үлбі өз.құйылысынан 3,2 км төмен» тұстамада сол жақ жағалауынан алынған түрлер саны 23 тең, 19диатомды,3 жасыл және 1 көк-жасыл балдырлар. Кездесу жиілігі жағынан 1-7 аралығында болды. *Achnanthes minutissima* және *Gomphonema olivaceum* кездесу жиілігі 7 болды. Сапробты индекс 1,78 тең, бұл сапаның III класына сәйкес, орташа ластанған сулар.

Осы тұстаманың оң жақ жағалауынан алынған сынамада 18 түр анықталды олардың 4 түрі жасыл балдырлар қалғаны диатомды балдырлар. Кездесу жиілігі 7 болатын *Achnanthes minutissima* түрінен жаппай даму байқалды. Сапробты индекс 1,95 тең, сапа III класына сәйкес, орташа ластанған сулар.

«Прапорщиково ауылы шегінде» тұстамасынан алынған сынамада балдырлардың 24түрі айқындалды (20 диатомды, 4 түр жасыл балдырлар). Кездесу жиілігі 1-5 аралығында болды. Сапробты индекс 1,97 тең. Су-орташа ластанған.

Соңғы тұстамадан алынған сынамадан балдырлардың 13 диатомды түрі және 1 жасыл 1 көк-жасыл түрлі балдырлар айқындалды. Кездесу жиілігі 1-3 аралығында болды. Сапробты индекс 1,85 тең, бұл сапаның III класына сәйкес.

Қазан айында «Өскемен СЭС бөгетінен 0,8 км төмен» тұстамадағы макрозообентостың 5 түрі айқындалды, олар Trichoptera, Crustacea, Mollusca, дернәсілдері. Биотикалық индекс мәні 5-ке тең, сапа III класына сәйкес, суы орташа ластанған.

«0,5 км конденсаторлы зауытының төгіндісінен төмен» тұстамадан алынған сынамада Trichoptera, Ephemeroptera, Diptera larvae, Crustacea, Turbellaria, Mollusca 10 түрі анықталды. Биотикалық индекс мәні 6-ға тең, сапа III класына сәйкес, суы орташа ластанған.

«Үлбі өз.құйылысынан 3,2 км төмен (01)» тұстамадағы су сынамасында Макрозообентос құрамынан Trichoptera, Ephemeroptera, Crustaceae, Vermes, Turbellaria таксондары айқындалды. Биотикалық көрсеткіш мәні 6 тең, сапа III класына сәйкес, суы орташа ластанған.

«Үлбі өз.құйылысынан 3,2 км төмен (09)» тұстамада макрозообентос Plecoptera, Diptera larvae, Crustaceae, Trichoptera қауымдастықтарына жататын 5 таксон анықталған. Биотикалық индекс 6 ға тең, су сапасының III класына сәйкес, суы орташа ластанған.

Прапорщиково ауылы шегінде орналасқан тұстама сынамасының су сапасы II класқа сәйкес таза. Биотикалық көрсеткіш мәні 7-ге тең. Сынамада Plecoptera, Trichoptera, Ephemeroptera, Diptera larvae, Crustacea, Mollusca түрлері табылды.

Предгорное ауылы шегінде Красноярка өзенінің 1 км төмен құйылысы сынамасының су сапасы макрозообентостың даму көрсеткіштері бойынша жақсы болды. Биотикалық көрсеткіш мәні 7ге тең, су сапасының II класына сәйкес, суы таза.

2017 ж. қазан айында Ертіс өз. алынған су сынамалары тест-объектілерге өткір уытты әсер көрсеткен жоқ, алайда үш тұстамада дафниялардың өлуі тіркелді. «Үлбі өз.құйылысынан 3,2 км төмен (01)» және «Үлбі өз.құйылысынан 3,2 км төмен (09)» тұстамаларында өлген дафниялар саны 13,3 және 10% сәйкес құрады. «Прапорщиково ауылы шегінде» орналасқан тұстамада өлген дафниялар саны 3,3% құрады. Қалған тұстамалардағы тірі дафниялар саны 100% құрады.

Бұқтырма өз. 2017 жылдың қазан айында «Лесная Пристань ауылы шегінде» сынамада 20 түр олардың 17 түрі диатомды және 2 түр жасыл 1 түр көк-жасыл балдырлар анықталды. Түрлердің кездесу жиілігі 1-3 аралығында болды. Сапробты индекс 1,59 болды. Су сапасы III класына сәйкес, суы орташа ластанған.

«Зубовка ауылы шегінде» орналасқан тұстамаларда 13 түр диатомды балдырлар анықталды. Ешбір түр басымдылық көрсетпеді. Түрлердің кездесу жиілігі 1-3 аралығында болды. Сапробты индекс 1,54. Су сапасының II класына сәйкес, суы таза болды.

Бұқтырма өз. «Лесная Пристань ауыл.0,3 км жоғары» тұстамасының су түбі жәндіктер қауымдастығының даму деңгейі 2017 ж. қазан айында биотикалық индексі 6 су сапасы III класына сәйкес, суы орташа ластанған.

Бұл жерден Plecoptera, Ephemeroptera, Heteroptera, Coleoptera дернәсілдері ауланды.

«Зубовка аул. шегі» тұстамасынан алынған макрозообентос сынамасында Ephemeroptera, Diptera larvae, Heteroptera түрлері анықталды. Биотикалық индекс мәні 5 құрады, сапа III класына сәйкес, суы орташа ластанған.

2017ж. қазан айында Бұқтырма өз. алынған су сынамасын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық әсері тіркелген жоқ, екі тұстамада да тірі дафниялар саны 100% құрады.

Брекса өз, Тихая өз, Үлбі өз (Тишинск кені) Брекса өз. «шартты көрініс» тұстамасынан қазан айында алынған сынымада балдырлардың 20 түрі оның ішінде диатомды балдырлардың 17 түрі және жасыл балдырлардың 2 түрі көк-жасыл балдырлардың 1 түрі анықталды. *Symbella ventricosa*, *Achnanthes minutissima* (9 бал) жаппай басымдылық танытты. Сапробты индексі 1,85. судың сапасы III класқа сәйкес орташа ластанған болды.

«Брекса өз. сағасынан 0,6 км жоғары» тұстамада балдырлардың 13 түрі айқындалды. Олардың 11 түрі диатомды және 2 түрі жасыл балдырлар. Кездесу жиілігі жағынан *Stigeoclonium tenue* (9), *Gomphonema parvulum* (7) жаппай дамуды көрсетті. Сапробты индекс 2,07, бұл сапаның III класына сәйкес, орташа ластанған сулар.

Тихая өз. «Безымянный өзенінің құйылуынан 0,1 км жоғары» тұстамада балдырлардың 10 түрі диатомды және 2 көк-жасыл түрі анықталды. Басымдылық танытқан *Surirella ovata* кездесу жиілігі 9 болды. Басқа түрлердің кездесу жиілігі 1-3 болды. Сапробты индекс 1,89 тең. Су сапасының III класына сәйкес, суы орташа ластанған.

0,8 км жоғары орналасқан тұстамада балдырлардың 13 түрі анықталды, олардың 2 түрі жасыл балдырлар, ал қалғаны диатомды балдырлар. Жаппай даму басымдылығы *Nitzschia palea* (9 балл), и *Ulothrix zonata* (9 балл) түрлерінен байқалады. Сапробты индексі 2,03 су сапасының III класына сәйкес, суы орташа ластанған.

Тишинск кеніші шегінде Үлбі өз. суының сапасы «Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 100 м жоғары» тұстамада III класына сәйкес, суы орташа ластанған. Сынамадан диатомды балдырлардың 12 түрі және жасыл балдырлардың 2 түрі, көк жасыл балдырлардың 1 түрі анықталды. *Nitzschia palea* (9 балл) мен *Surirella ovata* (9) жаппай даму байқалды. Сапробты көрсеткіш 1,93 тең.

Тишинск кенішінің шахта сулары төгіндісінен төмен балдырлардың 14 түрі олардың 12 түрі диатомды ал 2 түрі жасыл балдырлар. *Nitzschia palea* мен *Surirella ovata* түрлері жиілік танытты (кездесу жиілігі – 9). Сапробты көрсеткіш мәні 1,83 тең. Судың сапасы III класына сәйкес, суы орташа ластанған.

Брекса өзенінің «Шубин көз қайнарының құйылысынан 0,5 км жоғары» тұстамасынан алынған сынаманың су түбі жәндіктері биоценоздарының құрамынан 14 таксон айқындалды. Олар Plecoptera, Trichoptera, Ephemeroptera, Diptera larvae, Coleoptera, Mollusca, Hirudinae, Crustaceae түрлері. Оксиреофильді түрлердің үлесі 42%. Биотикалық көрсеткіші 8 тең, су сапасы II класқа сәйкес таза сулар.

«Риддер қ.шегінде, Брекса өз. сағасынан 0,6 км жоғары» тұстамасынан су түбі жәндіктерінен Plecoptera, Trichoptera, Diptera larvae түрлері анықталды, биотикалық индекс мәні 8 құрады, су сапасының II класына сәйкес, таза сулар.

Тихая өз. «Безымянный өзенінің құйылуынан 0,1 км жоғары» тұстамадан алынған макрозообентос құрамынан Diptera larvae, Heteroptera, Coleoptera, Mollusca қауымдастығынан 9 таксон айқындалды. Биотикалық индекс мәні 3 құрады, су лас.

Ағыс бойымен төмен «Риддер қаласы шегінде, Тихая өз.сағасынан 8 км жоғары» тұстамасынан алынған макрозообентос сынамасынан Plecoptera, Trichoptera қауымдастығынан 3 таксон айқындалды. Биотикалық индекс мәні 7 құрады, су сапасының II класына сәйкес, таза сулар.

Үлбі өз. «Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 100 м жоғары» тұстамасынан алынған макрозообентос сынамасы су түбі жәндіктерінің 7 таксоны айқындалды: Plecoptera, Trichoptera, Diptera larvae, Vermes. Биотикалық көрсеткіш 8 құрады, су сапасының II класына сәйкес, таза сулар.

Ағыс бойымен төмен «Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 4,8 км төмен; автожол көпірі маңы» тұстамасынан алынған макрозообентостың даму деңгейі су сапасының II класына сәйкес келді, сулар таза. Бұл жерден Plecoptera, Heteroptera дернәсілдері ауланды.

2017 жылдың қазан айында Брекса өзенінен алынған су сынамаларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық әсер тіркелген жоқ. Екі тұстамада да тірі дафниялар саны 100% құрады.

2017 жылдың қазан айында Тихая өзенінен алынған су сынамаларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық әсер тіркелген жоқ. «Қала шегінде; Безымянный өзенінің құйылуынан 0,1 км жоғары» тұстамада өлген дафниялар саны 3,3% құрады. Екінші «қала шегінде; сағадан 8 км жоғары» орналасқан тұстамада өлген дафниялар табылған жоқ.

2017 жылдың қазан айында Үлбі өзенінен алынған су сынамаларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық әсер тіркелген жоқ. «Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 100 м жоғары» орналасқан тұстамада тірі қалған дафниялар саны 100% құрады. Екінші «Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 4,8 км төмен; автожол көпірі маңындағы» тұстамада өлген дафниялар саны 43,3% құрады.

Үлбі өз. (Өскемен қ.) Қазан айында Үлбі өз. «шартты көрініс» тұстамасында 10 түр балдырлар анықталды олардың 9 түрі диатомды балдырлар және 1 түрі жасыл балдырлар. *Surirella ovata* түрі басымдылық танытты (5 балл). Сапробты көрсеткіш 1,89. Су сапасының III класына сәйкес, орташа ластанған сулар.

Ағыс бойымен төмен, өзеннің сол жақ жағасы бөлігінде диатомды балдырлардың 13 түрі және 1 түр жасыл 1 түр көк-жасыл балдырлар анықталды. Кездесу жағынан (5 бал) *Achnanthes minutissima* var. *cryptoccephala* мен *Cymbella ventricosa* түрлері басымдық танытты. Сапробты көрсеткіш 1,84 тең, су сапасының III класына сәйкес, орташа ластанған сулар.

Осы тұстаманың оң жақ жағалауынан алынған сынамада 16 түр балдырлар олардың 11 түрі диатомды және 4 түр жасыл және 1 түр көк-жасыл балдырлар анықталды. Кездесу жиілігі 5 бал болған *Achnanthes minutissima* балдыры. Басқа

түрлердің кездесу жиілігі 1-3 болды. Сапробты индекс 1,83 тең, су сапасының III класына сәйкес, орташа ластанған сулар.

Үлбі өз. Каменный Карьер кенті шегіндегі «шартты көрініс» тұстамасынан алынған сынамадан судың сапасы IV класына сәйкес, ластанған сулар. Биотикалық индекс мәні 4 құрады. Макрозообентос құрамынан Diptera larvae, Heteroptera, Crustaceae қауымдастықтарының 3 таксоны айқындалды.

«Өскемен қ. шегінде, Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары» сол жақ жаға тұстамасынан алынған сынамадан су сапасы IV класпен бағаланды, ластанған сулар. Сынамада 5 түр Trichoptera, Diptera larvae, Heteroptera, Coleoptera дернәсілдері болды. Биотикалық индекс мәні 4ке тең.

Оң жақ тұстамадан алынған сынамада сапа III класқа сәйкес – орташа ластанған сулар. Су түбі жәндіктері қауымдастығынан Diptera larvae, Heteroptera, Trichoptera, Hirudinea дернәсілдері анықталды.

2017ж. қазан айында Өскемен қ. шегіндегі Үлбі өз. алынған су сынамаларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық тіркелген жоқ. «Каменный Карьер кенті шегінде» және «Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары (01)» тұстамаларында өлген дафниялар табылған жоқ. «Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары (09)» орналасқан тұстамада дафниялардың шамалы өлуі байқалды (3,3%).

Глубочанка өз. Қазан айында Глубочанка өз. «Шартты көрініс» тұстамасынан алынған сынамада балдырлардың 20 түрі олардың 17 диатомды және 1 түрден жасыл, көк-жасыл, алтын балдырлар анықталды. Кездесу жиілігі 1-5 аралығында болды. Сапробты индекс 2,09 ға тең, сапа III класс, сулар орташа ластанған.

«Белоусовка байыту фабрикасының төгінділерінің құйылысынан 0,5 км төмен» тұстамасынан алынған сынамадан балдырлардың 14 түрі диатомды және 2 түр жасыл 1түр алтын балдырлар анықталды. Кездесу жиілігі 1-5 аралығында болды. Сапробты индекс 1,91, су сапасы III класс.

Глубокое ауылы шегінде орналасқан тұстамадан алынған сынамада диатомды балдырлардың 9 түрі анықталды. Кездесу жиілігі 1-5 болды. Сапробты индекс 2,03, сапа III класс, сулар орташа ластанған.

Глубочанка өзенінің Белоусовка ауылы шегінде орналасқан «Шартты көрініс» тұстамасынан алынған сынамада Trichoptera, Ephemeroptera, Heteroptera, Odonata larvae, Crustaceae қауымдастықтарының 7 таксоны анықталып тіркелді. Биотикалық индекс мәні 6 құрады, сапа III класс, сулар орташа ластанған.

«Белоусовка байыту фабрикасының төгінділерінің құйылысынан 0,5 км төмен» тұстамасынан алынған сынамадан Trichoptera, Diptera larvae 2 таксоны айқындалды. Биотикалық индекс мәні 4 құрады, сапа IV класқа сәйкес келді, ластанған сулар.

«Мыс зауытынан 0,3 км төмен» жармасы суының сапасы III класс, сулар орташа ластанған. Биотикалық индекс мәні– 5.

2017 ж қазан айында Глубочанка өз. алынған су сынамаларын биотестілеу нәтижесінде ерекшеленді. «Белоусовка а. тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 5,5 км жоғары» орналасқан тұстамада тірі дафниялар саны 100% құрады. «Белоусовка а. тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 0,5 км төмен» және «Глубокое аул шегінде; сағадан 0,3 км

жоғары» орналасқан тұстамаларда өткір уыттылық тіркелді, өлген дафниялар саны 66,7 және 73,3% сәйкес құрады.

Красноярка өз. 2017 ж. қазан айында Красноярка өз. алынған сынамада 17 диатомды балдырлар және 1 түр көк-жасыл балдырлар анықталды. Кездесу жиілігі жағынан 7 балл *Navicula viridula*, *Gomphonema olivaceum* болды. Қалған түрлер кездесу жиілігі жағынан 1-5 аралығында болды. Сапробты индекс 2,1 тең, су сапасы III класс, су орташа ластанған.

«Березовка өз. құйылысынан 1 км төмен» тұстамасынан алынған сынамада балдырлардың 9 түрі анықталды, оның 1 түрі жасыл балдырлар қалғаны диатомды балдыр. *Achnanthes minutissima* var. *cryptoccephala*, *Nitzschia palea* өзгерген түрі и *Surirella ovata* (7 балл), *Stigeoclonium tenue* (9 балл) түрлері басымдылық танытты. Сапробты индекс 2,15 тең, сапасы III класс, су орташа ластанған.

2017 ж. қазан айындағы Красноярка өз. «Ертіс кені төгінділері» тұстамасынан алынған сынамалардан макрозообентос көрсеткіштері бойынша су сапасы II класс, су таза. Бұл жерден *Plecoptera*, *Trichoptera*, *Coleoptera larvae*, *Vermes* айқындалды. Биотикалық көрсеткіш 7 құрады.

«Березовка өзенінің 1 км төменгі құйылысы» тұстамасынан алынған сынаманың макрозообентос құрамынан *Trichoptera* дернәсілдері табылды. Биотикалық индекс мәні 5 құрады, сапа III класс, су орташа ластанған.

2017 жылдың қазан айында Красноярка өзенінен алынған су сынамаларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық әсері тіркелген жоқ. «Ертіс кенішінен ағынды шаруашылық қалдық су төгінділерінен 1,5 км жоғары» орналасқан тұстамада өлген дафниялар табылған жоқ. Екінші «Березовка өз. құйылысынан 1 км төмен; автожол көпірі жанындағы» тұстамада өлген дафниялар саны 20% құрады.

Оба өз. Оба өз. қазан айында «Березовка өз. құйылысынан 1,8 км жоғары» тұстамасынан алынған перифитон сынамасында диатомды балдырлардың 14 түрі, 2 жасыл және 2 көк-жасыл балдырлар айқындалды. Кездесу жиілігі жағынан *Nitzschia palea* 7 балл, қалғандары 1-5 аралығында болды. Сапробты көрсеткіш 1,97 тең. Сапа класы III, су орташа ластанған.

Камышенка ауылы шегінде ағыс бойымен төменгі тұстамадан алынған сынамадан балдырлардың 24 түрі анықталды. Олардың 20 диатомды 4 түрі жасыл балдырлар. *Symbella* sp. кездесу жиілігі 7 балл басымдылық танытты. Сапробты индекс 1,87 тең. Сапа класы III, су орташа ластанған.

«Березовка өз. құйылысынан 1,8 км жоғары» тұстамасынан алынған сынамада макрозообентос құрамынан *Ephemeroptera*, *Heteroptera*, *Diptera larvae*, *Mollusca*, *Coleoptera* дернәсілдері айқындалды. Биотикалық индекс мәні – 5, сапа III класс, орташа ластанған сулар.

«Камышенка ауылы шегінде» Таловка өзені құйылысынан 4,1 км төмен алынған сынамада су түбі жәндіктірінің көрсеткіші бойынша сапаның V класына сәйкес келді, сулар лас. Сынамада *Heteroptera*, *Diptera larvae*, *Mollusca*. дернәсілдері анықталды. Биотикалық индекс мәні 2 құрады.

2017ж. қазан айында Оба өз. алынған су сынамасын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық әсері тіркелген жоқ, екі тұстамада да тірі дафниялар саны 100% құрады.

Еміл өз. 2017 ж. қазан айында фитопланктонның даму көрсеткіштері бойынша Еміл өз. суының сапасы III класқа жатады, су орташа ластанған. Сынамада балдырлардың 27 түрі айқындалды, олардың 26 түрі диатомды, 1 түрі жасыл балдырлар. Балдырлардың ортақ саны 2852мың.кл/л, тыс.кл/л, биомасса – 7,1 мг/л. Сапробты көрсеткіш 2,31тең.

Еміл өз. қазан айында алынған перифитон сынамасында 17 түр анықталды оның 14 түрі диатомды балдырлар, 2 түр жасыл және 1 түр көк-жасыл балдырлар анықталды. *Spirogyra porticalis* түрі жиі кездесті (7балл). Сапробты көрсеткіш 1,98 тең. Сапа класы III, су орташа ластанған.

Зоопланктон сынамасында тек ескек аяқты шаянтәрізділердің копеподидті және науплиальді сатысы анықталды. Түрлер санының аздығынан статистикалы нәтиже үшін сапробты көрсеткішті анықтау мүмкін болмады.

Қазан айында Еміл өз. макрозообентос сынамасынан су түбі жәндіктерінің Ephemeroptera, Crustaceae, Diptera larvae, Heteroptera, Vermes, Mollusca қауымдастықтарының 11 таксоны тіркелді. Биотикалық индекс 8ге тең, су сапасы II, суы таза.

Қазан айында Еміл өз.беткі суларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық тіркелген жоқ, тірі дафниялар саны 100% құрады (6, б.1-қосымша).

5.8 Шығыс Қазақстан облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 17 метеорологиялық станцияларда (Ақжар, Аягөз, Дмитревка, Баршатас, Бақты, Зайсан, Жалғызтөбе, Катон-Қарағай, Көкпекті, Күршім, Риддер, Самарқа, Семей, Үлкен Нарын, Өскемен, Шар, Шемонаиха) жүргізіледі (5.6-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,07 – 0,22 мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,14 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

5.9 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 7 метеорологиялық станцияларда (Аягөз, Баршатас, Бақты, Зайсан, Көкпекті, Семей, Өскемен) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (5.6-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,8 – 2,3 Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,2 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



5.6 – сурет. Шығыс Қазақстан облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

6 Жамбыл облысының қоршаған орта жай-күйі

6.1 Тараз қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 5 стационарлық бекетте жүргізілді (6.1-сур., 6.1-кесте).

6.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар	
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Шымкент көшесі, 22	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлысутек, формальдегид	кадмий, кобальт, марганец, қорғасын
2			Рысбек батыр көшесі, 15, Ниетқалиев көшесінің бұрышы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді,	

				азот диоксиді, фторлысутек, формальдегид
3			Абай және Төле би көшелерінің бұрышы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлысутек, формальдегид, бенз(а)пирен кадмий, кобальт, марганец, қорғасын
4			Байзақ батыр көшесі, 162	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, формальдегид
6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Сәтбаев көшесі мен Жамбыл даңғылы	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, көміртегі диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкірттісутегі, аммиак



6.1-сур. Тараз қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі көтеріңкі болып бағаланды, СИ=2 және ЕЖҚ=12% (1,2-сур.) № 6-бекет аумағында

(Сәтбаев көшесі мен Жамбыл даңғылы) азот оксидімен және азот диоксидімен № 3-бекет аумағында (Абай және Төле би көшелерінің бұрышы) анықталды.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) орташа айлық шоғырлары – 1,1 ШЖШ_{о.т.}, азот диоксиді – 2,1 ШЖШ_{о.т.}, озон (жербеті) – 1,1 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттар мен ауыр металдардың бар болуы ШЖШ-дан аспады.

PM-10 қалқыма бөлшектерінің максималды-бірлік шоғырлары – 1,5 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 2,0 ШЖШ_{м.б.}, азота диоксиді – 1,2 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді-2,5 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


6.2 Жаңатас қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.2-сур., 6.2-кесте).

6.2 - кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссізрежимде	Тоқтаров көшесі, 27/1 және 27-а	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), аммиак



6.2-сурет. Жанатас қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі төмен болып бағаланды, СИ=1 және ЕЖҚ=0% анықталды (1,2-сур.).

Озонның (жербеті) орташа айлық шоғырлары – 2,1 ШЖШ_{от.} құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады. Ауадағы максималды-бірлік шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


6.3 Қаратау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.3-сур., 6.3-кесте).

6.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Тамды әулие, №130	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртгісутегі, аммиак



6.3-сурет. Қаратау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.3-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі

көтеріңкі болып бағаланды, СИ=4, ЕЖҚ=3% (1,2- сур.), РМ-10 қалқыма бөлшектерімен анықталды.

РМ-2,5 қалқыма бөлшектерінің орташа айлық шоғырлары – 1,0 ШЖШ_{о.т.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 1,4 ШЖШ_{о.т.}, азот диоксиді – 1,9 ШЖШ_{о.т.}, озон (жербеті) – 2,3 ШЖШ_{о.т.}, аммиак – 2,3 ШЖШ_{о.т.}, құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

РМ-2,5 қалқыма бөлшектерінің максималды-бірлік шоғырлары – 2,7 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 4,2 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


6.4 Шу қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.4-сур., 6.4-кесте).

6.4- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Шу қалалық ауруханасының маңында	РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкірттісутегі, аммиак



6.4-сурет. Шу қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.4-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі

көтеріңкі болып бағаланды, СИ=4 және ЕЖҚ=7% (1,2- сур.) РМ-2,5 қалқыма бөлшектері және РМ-10 қалқыма бөлшектерімен анықталды.

РМ-2,5 қалқыма бөлшектерінің орташа айлық шоғырлары – 1,6 ШЖШ_{о.т.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 1,8 ШЖШ_{о.т.}, озон (жербеті) – 1,4 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

РМ-2,5 қалқыма бөлшектерінің максималды-бірлік шоғырлары – 4,1 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 3,8 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


6.5 Қордай кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.5-сур., 6.5-кесте).

6.5 - кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Жібек жолы көшесі, №496«А»	РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкірттісутек, аммиак



6.5-сурет. Қордай кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.5-сур.) атмосфералық ауаның жалпыластану деңгейі көтеріңкі

болып бағаланды, СИ=3 және ЕЖҚ=1% (1,2- сур.) РМ-2,5 қалқыма бөлшектері және РМ-10 қалқыма бөлшектерімен анықталды.

РМ-2,5 қалқыма бөлшектерінің максималды-бірлік шоғырлары– 1,5 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 2,6 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,7 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа лаптаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

6.6 Жамбыл облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Жамбыл облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау 8 су нысанында жүргізіледі (Талас, Аса, Шу, Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері және Билікөл көлі).

Шу, Талас және Аса өзендерінің бассейні ағындары Қырғызстан Республикасы аумағында іс жүзінде толықтай белгілі нысанға келеді. Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері Шу өзенінің тармағы болып келеді.

Талас өзені суының температурасы 13,4⁰С, сутектік көрсеткіш 8,1, суда еріген оттегінің шоғыры 10,1 мг/дм³, ОБТ₅ 3,06 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) 3,0 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар 1,8 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Асса өзені суының температурасы 7,5⁰С, сутектік көрсеткіш 8,1, суда еріген оттегінің шоғыры 8,97 мг/дм³, ОБТ₅ 1,63 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) 3,0 ШЖШ, мырыш (2+) 1,1 ШЖШ, марганец (2+) 1,5 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Билікөл көлі суының температурасы 13,4⁰С, сутектік көрсеткіш 7,8, суда еріген оттегінің шоғыры 8,64 мг/дм³, ОБТ₅ 16,6 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар 9,9 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер 1,7 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 3,0 ШЖШ, мырыш (2+) 1,2 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар 3,0 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Шу өзені суының температурасы 8,9⁰С, сутектік көрсеткіш 7,7, суда еріген оттегінің шоғыры 9,5 мг/дм³, ОБТ₅ 5,22 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар 1,3 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 4,0 ШЖШ, мырыш (2+) 1,1 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар 2,0 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Ақсу өзені суының температурасы 13,5⁰С, сутектік көрсеткіш 7,95, суда еріген оттегінің шоғыры 10,1 мг/дм³, ОБТ₅ 5,04 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар 3,5 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер 1,4 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 4,0 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Қарабалта өзені суының температурасы 14,5⁰С, сутектік көрсеткіш 7,95, суда еріген оттегінің шоғыры 10,4 мг/дм³, ОБТ₅ 4,72 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар 6,8 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер 1,2 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 4,0 ШЖШ, марганец (2+) 1,2 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар 2,0 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Токташ өзені суының температурасы $12,0^{\circ}\text{C}$, сутектік көрсеткіш 7,8, суда еріген оттегінің шоғыры $10,3 \text{ мг/дм}^3$, OBT_5 $4,62 \text{ мг/дм}^3$. Негізгі иондар (сульфаттар 4,5 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот 1,1 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 4,0 ШЖШ, марганец (2+) 1,1 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар 2,0 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Сарықау өзені суының температурасы $9,5^{\circ}\text{C}$, сутектік көрсеткіш 8,1, суда еріген оттегінің шоғыры $10,3 \text{ мг/дм}^3$, OBT_5 $3,78 \text{ мг/дм}^3$. Негізгі иондар (сульфаттар 5,9 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер 1,4 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 3,0 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар 2,0 ШЖШ, мұнай өнімдері 1,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Су нысандары суының сапасы келесідей бағаланады: «ластанудың жоғары деңгейі» – Қарабалта өзені және Билікөл көлі; «ластанудың орташа деңгейі» – Талас, Асса, Шу, Ақсу, Токташ, Сарықау өзендері.

2016 жылдың қазан айымен салыстырғанда Талас, Асса, Шу, Ақсу, Токташ, Сарықау өзендері және Билікөл көлі – айтарлықтай өзгермеген; Қарабалта өзені – нашарлаған.

OBT_5 бойынша Билікөл көлі – «ластанудың өте жоғары деңгейі»; Талас, Шу, Ақсу, Қарабалта, Токташ, Сарықау өзендері – «ластанудың орташа деңгейі»; Асса өзені – «нормативті таза».

OBT_5 бойынша су сапасын 2016 жылғы қазан айымен салыстырғанда Асса, Ақсу, Токташ өзендері және Билікөл көлі – айтарлықтай өзгермеген; Талас, Шу, Қарабалта, Сарықау өзендері – нашарлаған.

Оттегі режимі бірқалыпты.

Облыс аумағында Билікөл көлінде 1 ЖЛ жағдайы тіркелді (5-кесте).

6.7 Жамбыл облысының радиациялық гамма-фоны


Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 3 метеорологиялық станцияларда (Тараз, Төле би, Шығанақ) жүргізілді (6.6-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні $0,11 - 0,20 \text{ мкЗв/сағ.}$ аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні $0,16 \text{ мкЗв/сағ.}$, яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

6.8 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Тараз, Төле би, Шығанақ) ауа сыналасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (6.6-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,9 – 1,5 Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,2 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



6.6 – сурет. Жамбыл облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

7 Батыс Қазақстан облысының қоршаған орта жай-күйі

7.1 Орал қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (7.1-сур., 7.1-кесте).

7.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	№1 өрт сөндіру бөлімінің маңы (Гагарин көшесі, №25 үйдің ауданы)	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, аммиак
3			Киров атындағы саябақтың маңы (Даумов көшесі)	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді,

				азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак, көмір сутегісінің сомасы, метан
5			Мұхит көшесі («Мирлан» базарының ауданы)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



7.1-сурет. Орал қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі *көтеріңкі* болып бағаланды, $СИ=4$ және $ЕЖҚ=2\%$ (1,2-сур.) № 5-бекеті аумағында (Мұхит көшесі, «Мирлан» базарының ауданы) көміртегі оксидімен анықталды.

Орташа айлық ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

PM-2,5 қалқыма бөлшектерінің максималды-бірлік шоғырлары – 1,4 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 4,5 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 1,2 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


7.2 Аксай қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (7.2-сур., 7.2-кесте).

7.2- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Утвинская көшесі, 17	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



7.2-сурет. Аксай қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі төмен болып бағаланды, СИ=1, ЕЖҚ=0% анықталды.

Азот диоксидінің орташа айлық шоғырлары 1,3 ШЖШ_{от} құрады.

7.3 Березовка кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (7.3-сур., 7.3-кесте).

7.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет	Сынама	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-	Анықталатын қоспалар
-------	--------	-----------------	--------------	----------------------

нөмірі	мерзімі		жайы	
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Тупиковая көшесі, 1/6	көміртегі оксиді, күкіртті сутегі



7.3-сурет. Березовка кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.3-сур.) кенттің атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі төмен болып бағаланды, СИ=0, ЕЖҚ=0% анықталды.

Ластаушы заттардың орташа айлық және максималды-бірлік шоғырлары ШЖШ-дан аспады.


7.4 Январцево кенті бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (7.4-сур., 7.4-кесте).

7.4- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Январцево а.	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкірттісутегі, аммиак



7.4-сурет. Январцево кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.4-сур.) атмосфералық ауаның жалпы ластану деңгейі *көтеріңкі* болып бағаланды, СИ=2 (көтеріңкі деңгей) көміртегі оксидімен және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) (1, 2-сур.) анықталды.

Озонның (жербеті) орташа айлық шоғырлары 1,2 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластанушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Көміртегі оксидінің максималды-бірлік шоғырлары 1,9 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

7.5 Батыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Батыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті суларының ластануын бақылау 6 су нысанында жүргізілді: Жайық, Шаған, Деркөл, Елек, Шыңғырлау өзендері мен Шалқар көлінде.

Жайық өзен суының температурасы 5-9 °С, сутегі көрсеткіші -7,12, судағы еріген оттегі концентрациясы – 11,78 мг/дм³, ОБТ₅- 2,33мг/дм³. Негізгі иондар (хлоридтер – 1,3 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот – 1,4 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асуы байқалды.

Шаған өзенінде су температурасы 6-11 °С, сутегі көрсеткіші -6,59, судағы еріген оттегі концентрациясы – 11,53 мг/дм³, ОБТ₅- 2,47 мг/дм³. Негізгі иондар (хлоридтер – 1,3 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір -1,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асуы байқалды.

Деркөл өзенінде су температурасы 10 °С, сутегі көрсеткіші -7,29, судағы еріген оттегі концентрациясы – 10,24 мг/дм³, ОБТ₅- 2,54 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір -1,3ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асуы байқалды.

Шыңғырлау өзенінде су температурасы 8°С, сутегі көрсеткіші -6,98, судағы еріген оттегі концентрациясы – 11,20мг/дм³, ОБТ₅- 2,74 мг/дм³. Негізгі иондар (хлоридтер -4,3 ШЖШ, магний – 1,2 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір -1,4 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асуы байқалды.

Елек өзенінде су температурасы 6°С, сутегі көрсеткіші -7,21, судағы еріген оттегі концентрациясы – 11,04мг/дм³, ОБТ₅- 2,20 мг/дм³. Негізгі иондар (хлоридтер -3,1 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот – 2,0 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асуы байқалды.

Шалқар көлінде су температурасы 6 °С, сутегі көрсеткіші 7,19, судағы еріген оттегі концентрациясы – 11,52 мг/дм³, ОБТ₅- 3,07 мг/дм³. Негізгі иондар (хлоридтер -7,2 ШЖШ, сульфаттар-1,9 ШЖШ, кальций-1,9 ШЖШ, магний – 6,8 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот – 2,8 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асуы байқалды.

Батыс Қазақстан облысы аумағындағы Жайық, Шаған, Деркөл, Елек, Шыңғырлау өзендері су сапасы *«ластанудың орташа деңгейіде»*, Шалқар көлінде су сапасы *«ластанудың жоғары деңгейінде»* деп бағаланды.

2016 жылғы қазан айымен салыстырғанда Жайық, Шаған, Деркөл, Елек, Шыңғырлау өзендері мен Шалқар көлінде су сапасы айтарлықтай өзгермеген.

Оттегіні 5 тәулікте биохимиялық тұтыну шамасы бойынша су сапасы Шалқар көлінде *«ластанудың орташа деңгейінде»*, Жайық, Шаған, Декөл, Шыңғырлау, Елек өзендерінде *«нормативті таза»* деп бағаланады.

2016 жылғы қазан айымен салыстырғанда ОБТ₅ көрсеткіші бойынша су сапасы Жайық, Шаған, Деркөл, Елек, Шыңғырлау өзендерінде айтарлықтай өзгермеген; Шалқар көлінде – нашарлаған.

Оттегі режимі бірқалыпты (4-кесте).

7.6 Батыс Қазақстан облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 2 метеорологиялық станцияларда (Орал, Тайпақ) және Орал қаласының (№ 2, 3 ЛББ) мен Ақсай қаласының (№ 4 ЛББ) 3 автоматты бекеттерде бақылау жүргізілді (7.5-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,04 – 0,21 мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,11 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

7.7 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 2 метеорологиялық станцияда (Орал, Тайпак) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (7.5-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,9 – 1,6 Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,1 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



7.5-сурет. Батыс Қазақстан облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

8 Қарағанды облысының қоршаған орта жай-күйі

8.1 Қарағанды қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 7 стационарлық бекетте жүргізілді (8.1-сур., 8.1-кесте).

8.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 4 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	аэрологиялық станса («Городской» әуежай ауданы)	қалқыма бөлшектер (шан), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді,

				азот диоксиді, фенол
3	тәулігіне 3 рет		Ленин көшесі мен Бұқар-Жырау даңғылы 1 бұрышы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, формальдегид
4			Бирюзов көшесі,15 (жаңа Майқұдық)	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол, формальдегид
7			Ермеков көшесі, 116	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, фенол
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Мұқанов көшесі, 57/3	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді
6			қалалық әкімдік (ескі әуежай ауданы)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкірттісутегі,аммиак, көмірсутегісінің сомасы, метан
8			аурухана ауданы (Пришахтинск шағын ауданы)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкірттісутегі, аммиак, көмірсутегісінің сомасы, метан



8.1-сурет. Қарағанды қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі жоғары болып бағаланды, СИ=10 (жоғары деңгей) № 8-бекеті аумағында (аурухана ауданы (Пришахтинск шағын ауданы) РМ-2,5 қалқыма бөлшектерімен, ЕЖҚ=19% (көтеріңкі деңгей) (1,2-сур.) анықталды.

РМ-2,5 қалқыма бөлшектерінің орташа айлық шоғырлары – 1,8 ШЖШ_{о.т.}, РМ - 10 қалқыма бөлшектері – 1,0 ШЖШ_{о.т.}, фенол – 2,0 ШЖШ_{о.т.}, формальдегид – 1,5 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

РМ-2,5 қалқыма бөлшектерінің максималды-бірлік шоғырлары – 9,9 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 5,3 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,8 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 5,8 ШЖШ_{м.б.}, фенол – 1,1 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

8.2 Балқаш қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (8.2-сур., 8.2-кесте).

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар	
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Сәбитов ш-а (№ 6 ОМ маңы)	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді	кадмий, мыс, күшән, қорғасын, мырыш
3			Ленин мен Әлімжанов көшелерінің бұрышы		
4			Киров көшесі (аурухана қалашығы)	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді	
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Ленин көшесі, 10 үйден оңтүстікке қарай	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкірттісутегі, аммиак	



8.2-сурет. Балқаш қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі өте жоғары болып бағаланды, СИ=11 (>10 өте жоғары деңгей) (1,2-сур.) №2–бекет

аумағында (Ленин көшесі, 10 үйден оңтүстікке қарай) күкіртті сутегі бойынша анықталды.

*2017 жылы 19 қазанда №2 автоматты бекеттің бақылау мәліметі бойынша күкіртті сутегі бойынша 11,2 ШЖШ, атмосфералық ауаның жоғары ластанудың (ЖЛ) 1 жағдайы анықталды (2-кесте).

* БҚ 52.04.667-2005 сәйкес, СИ>10 болса, ең болмаса біреу бақылау мерзімінен СИ 10-нан көп болған кезде, ЕЖҚ орнына күндер саны анықталады.

